

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
16.09.2020 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 16.09.2020 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі Райымқұлова Ақтоты Рақметоллақызына беріледі.

РАЙЫМҚҰЛОВА А.Р. Қайырлы күн, Нұрлан Зайроллаұлы! Қайырлы күн, құрметті депутаттар! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заң жобасының мақсаты қолданыстағы заңнаманы жетілдіру және мәдениет саласын дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

Жобамен қамтылған негізгі бағыттар – кітапхана және баспа ісі, мәдени-көпшілік іс-шараларды реттеу мәселелері және шығармашылық одақтарды қолдауға қатысты түзетулер болып отыр.

Жоба «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы», «Мәдениет туралы» және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына түзетулер енгізуді көздейді және түзетулердің негізгі блогы мәдениет саласына қатысты.

Заң жобасының ең өзекті түзетулеріне тоқталуға рұқсат етіңіздер.

Электрондық кітапхана. 2007 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы базасында Қазақстан ұлттық электрондық кітапханасының жобасын іске асырылып келеді.

Сонымен қатар бүгінде еліміздің электрондық кітапханасын іріктеу, қалыптастыру, толықтыру және дамыту тәртібін айқындайтын заңнамалық база жоқ.

Қазақстан Республикасының мәдени құндылықтары мен ұлттық мәдени игілігін электрондық форматта сақтау бағытында айтылған олқылықтарды жою, сондай-ақ халықтың зияткерлік әлеуетін арттыру және қазақстандық ғылым мен мәдениетті танымал ету бойынша жағдайларды арттыру

мақсатында заң жобасында электрондық кітапхана мәселелерін реттейтін нормалар көзделіп отыр.

Концерттік қызмет. Концерттік-ойын-сауық іс-шараларын өткізу кезінде туындайтын бірқатар проблемалар бар. Орындаушылар тарапынан концерттер өткізу кезінде әдепсіз мінез-құлық көрсету, сахнаға ұқыпсыз күйде шығу үрдісі орын алып отыр. Сондай-ақ жоспарланған концерттік бағдарламаны орындамау, әдепсіз сөздері бар репертуар таңдау, көрермендерді хабардар етпей фонограмманы пайдалануға жол берілген бірқатар орын алған фактілер де бар.

Осы орайда заң жобасы аясында заңнамалық деңгейде орындаушылардың осындай мінез-құлқына жол бермеу бойынша бірқатар міндеттемелерді енгізу арқылы осы мәселелерді барынша реттеуге тырыстық. Олардың ішінде маңызды нормалардың бірі музыкалық шығармаларды орындаушыларының фонограммаларды қолдануы туралы көрерменді хабарлау және фонограммаларды пайдалану тәртібін заңға тәуелді актіде айқындалатын болады. Барлық жарнамалық өнімдерде және кассалар жанында міндетті түрде фонограмманы пайдалану бойынша хабарлама беріледі. Бұл көрерменге фонограмманы пайдаланумен өтетін концертке билет сатып алу немесе одан бас тарту таңдауына мүмкіндік береді және билеттің құнына да әсер етеді.

Көркемдік кеңестер. Қолданыстағы «Мәдениет туралы» Заңға енгізілген нормаларға сәйкес министрлік жанындағы мемлекеттік мәдениет ұйымдарының қызметін үйлестіру мақсатында мәдениет саласындағы қызметтің барлық бағыттары бойынша республикалық көркемдік кеңестер жұмыс жасайтындығы өздеріңізге белгілі.

Көркемдік кеңестердің жұмысы өз жемісін беруде, театрлардың репертуары жақсарып, киножобалардың, әдебиет пен өнер шығармаларының да деңгейі артып келеді. Тұрақты негізде саланың даулы мәселелері талқылауға шығарылып, өз шешімін табуда.

Сонымен қатар республикалық көркемдік кеңес аясында барлық салалардың көптеген проблемалық мәселелерін қамтудың мүмкін еместігін тәжірибе көрсетіп отыр.

Осыған орай заң жобасы негізгі міндетті өңірлік мәдениет ұйымдарының қызметін үйлестіру мақсатында өңірлерде көркемдік кеңестер құруды көздеп отыр.

Қоғамдық маңызы бар әдебиеттерді сатып алу. 2017 жылы депутаттық корпусының арқасында алғаш рет заңнамалық деңгейде авторларға қоғамдық маңызы бар әдебиет үшін қаламақы төлеу тәжірибесі енгізілді. Бұл басқа елдерде болмаған жағдай. Алайда іс жүзінде ыңғайсыз қайшылықтар пайда болды. Атап айтқанда, автордан әдебиеттерді сатып алу авторлық құқықтың барлық мерзіміне мемлекетке авторлық құқықты беруді көздеп отыр. Ол автордың өмір сүрген кезіндегі мерзім және одан кейінгі 70 жыл. Бұл тұрғыда мемлекет әдебиетті оны мемлекеттік кітапханаларға өтеусіз негізде тарату үшін ғана сатып алатынын айта кеткен жөн.

Өз кезегінде автордың сол шығармаларын қайта шығаруға немесе кітап дүкендеріне сатуға немесе оны басқа жолдар арқылы сатуға құқығы жоқ. Бұл жағдайда мемлекеттің халыққа мәдени өнімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеті орындалмайды, керісінше шектеліп отыр. Осыған орай жобада әдебиетті басып шығару және тарату мақсатында автордан әдебиеттерді белгілі бір мерзімге сатып алу қарастырылып отыр. Одан әрі автор оны басып шығаруға және Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған кез келген басқа жолдармен таратуға құқылы болады.

Мемлекеттік кітапханалар мен музейлердің ақылы қызметтері. Қолданыстағы «Мәдениет туралы» Заңда музейлер мен кітапханалар іске асыруға құқылы ақылы қызмет түрлерінің тізімі және олардан пайда табу тәртібі қарастырылған. Тізім сол кезде мемлекеттік мекеме нысанында жұмыс істеген кітапханалар мен музейлерге құқық беру үшін заңға енгізілген болатын. Бюджет заңнамасының талаптарына сәйкес, егер ақылы қызметтер құқығы салалық заңдарда көзделмесе, коммерциялық емес болып табылатын мемлекеттік мекемелердің нысанында құрылған ұйымдардың бұндай қызметке құқығы жоқ болатын. Алайда бүгінгі күні Қазақстанның көптеген музейлері мемлекеттік кәсіпорындарға айналған. Осы орайда қолданыстағы заңда музейлер мен кітапханаларға табыс табуға мүмкіндік беретін норма кәсіпорындардың ақылы қызметтер көрсету аясын шектеп отыр.

Осыған орай заң жобасында осы норманың қолданылуын мекемелер түрінде құрылған ұйымдарға ғана қолдану ұсынылып отыр. Кәсіпорындар «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының талаптарының аясында қызмет ететін болады.

Сонымен қатар осы заң жобасы аясындағы ең маңызды нормаларының бірі – мемлекет 100 пайыз қатысатын мәдениет ұйымдарын жекешелендіруге тыйым салатын түзету деп есептейміз.

Құрметті депутаттар! Заң жобасы Мәжіліс қарауында сапалы пысықталды және Бекболат Қанайұлы Тілеухан бастаған жұмыс тобына жасаған еңбектеріңіз бен елеулі ұсыныстарыңыз үшін алғысымды білдіргім келеді.

Сіздердің арқаларыңызда жоғарыда аталған барлық новеллалар ұлттық заңнамamızда өз орнын тауып, еліміздің мәдениет саласын одан әрі дамытуға септігін тигізеді деп сеніміз.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға үлкен рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті депутаттар, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Нұрманбетова Жәмилә Нүсіпжанқызына беріледі.

НҰРМАНБЕТОВА Ж.Н. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Мен осы заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді қолдауға шақырамын.

Құрметті Ақтоты Рақметоллақызы! Заң жобасының 9-1-бабында ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастырушылардың әртістердің көрермендермен тиісті мінез-құлқын қамтамасыз ету, оның ішінде олардың

аморальды, әдепсіз мінез-құлқына, бейәдеп сөздер қолдануға, ұрсуға, алкогольдік ішімдіктерді, есірткі және басқа да психотроптық заттарды пайдалануға жол бермеу міндеті көзделген. Шынында да, мұндай міндетті енгізу қажеттілік туындап отыр.

Айтыңызшы, осы норманың іске асырылуын бақылау тетігі қандай болады?

РАЙЫМҚҰЛОВА А.Р. Сұрағыңызға үлкен рақмет.

Мен баяндамада әртістердің концерттерде бір тиісті мінез-құлық мәселелерін реттеу қажеттілігі туындап тұрғанын айттым. Өзіңіз айтқандай, әртүрлі шараларды, соның ішінде концерттік, ойын-сауық, мәдени-бұқаралық шараларда ұйымдастырушы және орындаушы бар. Көрермен алдында, мысалы, мәдени шараның алдында немесе мәдени шараны өткізу барысында дәрекі мінез-құлқын көрсету, сахнада әдепсіз күйде көріну, жоспарланған концерттік бағдарламасын орындамау сияқты әртүрлі ретсіз жайттар болып жатыр. Сондықтан заң жобасы аясында осы мәселелерді біз толықтай реттеуге тырыстық. Атап айтқанда, концерттік ойын-сауық, мәдени-бұқаралық шараларда ұйымдастырушы және орындаушы арасында болатын қарым-қатынастардың міндеттемелерін азаматтық келісімшарт бойынша реттеуге ұсыныс беріп жатырмыз. Ол міндеттемелердің ішіндегі ең маңыздылары, мысалы, Конституция талаптарына, жалпы қабылданған адамгершілік және мораль нормаларына қайшы келетін контентті пайдаланбау, сонымен қатар сахнаға шыққанда әртістердің көрермендермен қарым-қатынасының тиісті мінез-құлқын дұрыс қамтамасыз ету, оның ішінде олардың аморальды, жалпы, біздің моральға келмейтін мінез-құлықтарын көрсетпеу, сонымен қатар музыкалық туындыларды фонограммамен көрсеткенде көрермендерге хабарландыру.

Бұл ұйымдастырушы мен орындаушының арасындағы келісімшарт бойынша жүргізіледі. Егер келісімшарттағы осы нормалар бұзылатын болса, онда әкімшілік реттеу және әкімшілік жауапкершілік көзделетін болады.

Өздеріңіз білесіздер, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық кодексі бар. Егер әкімшілік бұзушылық болса, онда сол кодекстің нормалары қарастырылады. Сонымен қатар сол нормаларға сәйкес азаматтық келісімшарт бойынша қарастырылып, жауапкершілік көзделеді.

Осы нормаларды енгізгеннен кейін біз мониторинг жасаймыз. Егер осы шарттардың бұзушылығы көп болса, онда Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне тағы да арнайы жауапкершілік нормасын енгіземіз.

ТӨРАҒА. Рақмет. Жауабыңыз баяндама болып кетті.

Сөз депутат Платонов Артур Станиславовичке беріледі.

ПЛАТОНОВ А.С. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемая Актоты Рахметоллаевна! Мои вопросы касаются введения новой статьи 24-3 Закона Республики Казахстан «О культуре», которая предполагает создание Казахстанской национальной электронной библиотеки как информационного ресурса на базе Национальной библиотеки. Мы понимаем, что это веление времени. Вместе с тем не приведет ли появление

электронных библиотек к закрытию библиотек традиционного формата? Кто будет проводить мониторинг и отвечать за возможное появление в электронной библиотеке изданий, подрывающих авторитет государственной власти, межнациональное и межрелигиозное единство?

РАЙЫМҚҰЛОВА А.Р. Спасибо за вопросы, Артур Станиславович.

Как Вы знаете, Казахская национальная электронная библиотека была создана в рамках Государственной программы снижения информационного неравенства в Республике Казахстан. Казахская национальная электронная библиотека работает с декабря 2007 года на базе Казахской национальной академической библиотеки.

Сегодня мы можем сказать, что любовь и тяготение к книжным экземплярам все равно остаются, несмотря на то, что в широком доступе (и у нас, и в интернет-пространстве) находятся электронные, оцифрованные экземпляры.

Согласно этому законопроекту мы свои нормы направили на внедрение единого электронного читательского билета и единого каталога, которые позволят, естественно, еще шире предоставлять услуги.

Я думаю, что сейчас ни одна электронная система не застрахована от кибератак, информационных атак. Конечно, мы планируем внедрение системного информационного продукта, который будет отслеживать аномальное поведение тех или иных программных продуктов, которые, возможно, будут осуществлять сбои, кибератаки в нашей Национальной электронной библиотеке.

В части того, чтобы в электронных библиотеках не было изданий, порочащих наш строй или призывающих к религиозным либо антигосударственным действиям, я могу Вас заверить, что этим и сегодня занимаются определенные государственные структуры. Мы постоянно ведем мониторинг, чтобы не было таких противоправных антигосударственных действий на уровне Национальной электронной библиотеки.

ТӨРАҒА. То есть проводить мониторинг и отвечать за возможное появление в электронной библиотеке таких материалов будет Ваше министерство?

РАЙЫМҚҰЛОВА А.Р. Да, наше министерство совместно с уполномоченными государственными органами.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Омарбекова Жұлдыз Қажыкенқызына беріледі.

ОМАРБЕКОВА Ж.Қ. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Ақтоты Рақметоллақызы! Осы заң жобасы бірыңғай ұлттық электрондық білім кеңістігін қалыптастыру арқылы кітапхана ісін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасап келеді.

Кітапханалардың заманауи цифрлық өріске айналуы олардың қажеттілігін арттырады. Еуропа елдерінің оқырмандары керекті кітапты қолжетімді ақыға ала алады және оларды ұзақ пайдаланады. Нәтижесінде,

кітапты сатып алу оқырмандардың қажеттіліктеріне байланысты болжанатын жаңа бизнес-модельдің пайда болуына әкеледі.

Елімізде кітапханалардың көпшілігі дәстүрлі және консервативті қызметтердің шектеулі жиынтығын ұсынады.

Жаңа Сіз Артур Станиславовичтің сұрағына жауап бергенде бізде кітапханалар цифрландыруға енгізіліп жатыр, бірқатар электрондық каталог жасалып жатыр дедіңіз. Бірақ бұл жұмыс соңғы он жылда жүргізіліп келе жатыр.

Осыған орай бірыңғай электрондық ресурстың қашан толық жұмыс істейтінін білгіміз келеді. Сондай-ақ жоғарыда айтылған бизнес-модельді елімізге қашан енгізе аламыз? Рақмет.

РАЙЫМҚҰЛОВА А.Р. Сұрағыңызға үлкен рақмет.

Жаңа ғана айтып кеткендей, 2007 жылдан бастап біздің ұлттық электрондық кітапханамыз жүйеге қосылды. Содан бері бірнеше модификациядан өтті, мысалы, мобильді нұсқасы бар, сонымен қатар нашар көретін азаматтарға арналған нұсқасы бар.

Әрине, электрондық кітапхананың жүйесіндегі бүкіл кітапты цифрландырдық деп айта алмаймыз, оның бірнеше себебі бар. Бұл жұмыс жүйелі жүргізіліп жатыр. Себептің біреуі, мысалы, жергілікті, әсіресе ауылды жерлерде интернеттің тапшылығы және жергілікті атқарушы органдар тарапынан кітапхана жүйесіне бөлінетін қаражаттың тапшылығы. Жалпы, біздің кітапханалардың қоры мемлекеттік бағдарламалар жүйесінде шығарылатын кітаптармен толтырылып жатыр, мысалы, соның ішінде біздің министрліктің әлеуметтік маңызы бар кітаптарды шығару бағдарламасы бойынша. Сондықтан осы заң жобасы аясында біз электрондық кітапхананы реттеуге қатысты бірқатар маңызды түзетулер қарастырып отырмыз. Әрине, бұл жобаны бизнес-модель бағытына айналдыру бүгінгі күннің мәселе емес, әлі талай жұмыстануды қажет етеді. Келесі жылдан бастап «электрондық бір терезе» шеңберінде бір мекенжаймен және интернет-ресурста кітапханалық қызметтерді алуға болатын мүмкіндік қарастырылып жатыр және 2021 жылдан бастап ол жұмыс істейді.

Өзіңіз айтқандай, бұл салада атқарылатын жұмыстар әлі көп. Осы заңнама аясында бұл саланы реттейтін бірнеше нормаларды қостық. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қайназаров Уәлихан Анарбайұлына беріледі.

ҚАЙНАЗАРОВ У.А. Рақмет, құрметті Төраға.

Уважаемая Актоты Рахметоллаевна! Мой вопрос касается новеллы законопроекта, требующей от организаторов зрелищных культурно-массовых мероприятий информировать зрителя об использовании фонограммы исполнителями музыкальных произведений. На мой взгляд, эта норма половинчатая и дает возможность исполнителям, не имеющим ни слуха, ни голоса, используя фонограмму, злоупотреблять вниманием зрителей.

Как Вы относитесь к тому, чтобы не использовать фонограммы, то есть запретить их вообще? Можно, конечно, сделать исключение для исполнителей

на радио и телевидении, хотя данный запрет на использование фонограммы действует у наших ближайших соседей – в Азербайджане, Туркменистане, Узбекистане и Китайской Народной Республике.

ТӨРАҒА. Пожалуйста.

РАЙЫМҚҰЛОВА А.Р. Спасибо за вопрос.

На самом деле законопроектом предусмотрено обязательство об информировании организаторами и исполнителями зрителей об использовании фонограммы. Как Вы уже сказали, мы предусмотрели несколько регламентирующих норм. В рамках гражданского договора между исполнителем и организатором предусмотрены нормы, которые они должны исполнять. За их неисполнение мы предусматриваем административную ответственность.

Во всем мире вопрос использования фонограмм стоит очень остро. В ряде стран в принципе запрещено использование фонограмм. Например, в Узбекистане, Азербайджане и Таджикистане запрещено использование плюсовых фонограмм на определенных мероприятиях, а в Туркменистане использование фонограмм полностью запрещено.

Конечно, эта проблема дает возможность, как Вы сказали, некоторым исполнителям, используя технические возможности, выступать на сцене. Мы решили подойти к решению этой проблемы постепенно. На первом этапе речь идет об информировании, то есть сейчас мы даем слушателям возможность пойти на этот концерт или отказаться от него.

Прежде чем предложить эту норму в рамках законопроекта, мы очень много обсуждали ее с музыкальными представителями, представителями ассоциации «Event», Национальной палаты предпринимателей «Атамекен», и было решено, что первый этап (информирование зрителей) не лишает потребителей права выбрать тот или иной продукт. Исполнители говорят, что когда есть такая информация, это просто дело чести для любого исполнителя выступить вживую, а не под фонограмму. Сейчас это является определенным мотивирующим фактором для исполнителей, чтобы они прилагали определенные усилия, в том числе и по организации концертов.

Конечно, мы можем сказать, что не все отдаленные участки нашей страны имеют технические возможности (допустим, расположить оркестр), чтобы не выступать под фонограмму. Нам кажется, что поэтапное внедрение этой нормы, начиная с информирования, будет способствовать мотивации к более профессиональному отношению в этой сфере.

Конечно, мы будем мониторить. Мы абсолютно уверены, что в конце концов придем к следующему этапу, который позволит особо профессиональным исполнителям показать свое искусство уже во всей красе.

ТӨРАҒА. Вопрос был очень конкретным: как министр относится к полному запрету фонограмм? Пожалуйста, кратко и четко.

РАЙЫМҚҰЛОВА А.Р. Нурлан Зайруллаевич, я сама классический музыкант и полностью поддерживаю, чтобы искусство было чистым и честным. Все усилия, которые прилагаются исполнителем, классическим

музыкантом, эстрадным музыкантом, чтобы они могли вживую петь и исполнять под оркестры... Но сегодня технические возможности имеются не во всех залах и не во всех регионах нашей страны, что не позволяет исполнять произведения в чистом виде, не под фонограмму.

Поэтому для достижения такой цели, чтобы произведения исполнялись в чистом виде, а не под фонограмму, информирование зрителя о фонограмме (как определенный переходный этап), нам кажется, закономерно и необходимо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, четкую позицию министра – Вы за полную отмену фонограмм или нет? Третий заход. Коротко скажите.

РАЙЫМҚҰЛОВА А.Р. Нурлан Зайруллаевич, я за отмену, но постепенную, чтобы общество и все мы были готовы технически.

ТӨРАҒА. Самое главное, чтобы Вы четко сказали, что цель – прийти к этому.

РАЙЫМҚҰЛОВА А.Р. Да.

ТӨРАҒА. Я не думаю, что нужно ссылаться на технические возможности залов. Нужно ссылаться на творческую и талантливую возможность некоторых исполнителей, у которых уже все ушло – и голос, и так далее, но они все еще выходят с открытым ртом, а полный зал следит и понимает, что происходит.

РАЙЫМҚҰЛОВА А.Р. Да, и это будет честно перед потребителем.

ТӨРАҒА. Коллеги, я очень внимательно наблюдал за заседаниями рабочей группы по этому вопросу и знаю, что вопрос о полном запрете фонограмм обсуждался, причем обсуждался очень остро. Я разговаривал и с руководителем рабочей группы, и с Валиханом Анарбаевичем, который очень активно проводил эту позицию. Этот вопрос обсуждался не только с участием депутатов и разработчиков, но и с непосредственными исполнителями.

Немаловажно, что и руководителем рабочей группы являлся наш коллега Бекболат Канайулы Тлеухан, который сам долгие годы работал в сфере культуры и знаком с этой проблемой, что называется, не понаслышке.

Ол кісі қаншама концерт өткізді, қазақтың ерекше өнері айтысқа да қолдау көрсетті. Жалпы, айтысты айтатын болсақ, меніңше, нағыз өнер – айтыс. Айтысқа фонограммамен шығып көрінізші. Онда ешқашан ешқандай фонограмма болмайды. Біздің халқымыз айтысты өте жақсы көретіні сол үшін шығар. Сондықтан «Қисық арба жол бұзады», – деп қазақ халқымыз айтқандай, өнер әрқашан таза болу керек. Әнді жанды дауыста айтқан дұрыс, ал фонограмма болса, оны алдын ала ескерту қажет және билеттің бағасы да соған сәйкес болу керек. Одан кейін халық өзі шешеді, ол концертке бара ма, бармай ма. Әрине, концерт жанды дауыста болса, әншіге халықтың бағасы да, құрметі де жоғары болады.

На мой взгляд, рабочей группе удалось найти оптимальное на сегодняшний день решение вопроса. Правильно говорит депутат Кайназаров, в международной практике существуют различные подходы к решению проблемы фонограмм. Приводились примеры Китайской Народной



Республики, где исполнителей штрафуют и, по-моему, даже лишают на два года права выступать на сцене. В то же время есть страны, где разрешают или где этот вопрос вообще не регламентируется. Нам же нужно было принять, повторю, взвешенное решение. Понимая и принимая это решение, мы должны прежде всего учитывать интересы зрителей.

Поэтому депутатами была поддержана норма, устанавливающая обязанность организаторов информировать зрителя об использовании фонограммы, но при этом эта норма существенно откорректирована. Если в правительственном варианте законопроекта обязанность информировать об использовании фонограммы была размыта между организатором и исполнителем, то депутаты предлагают четко определить, во-первых, что это обязанность организатора; во-вторых, что этот же организатор обязан информировать зрителя, будет ли использоваться на концерте фонограмма. Тогда зритель заранее будет знать, концерт пройдет под фонограмму или будет живой звук. И артист должен решить – поет он вживую по одной ставке или под фонограмму по другой ставке, гораздо меньшей.

Вообще в народе недаром говорят, что за пение под фонограмму надо платить не деньгами, а их ксерокопиями.

ЗАЛДА КҮЛКІ.

ТӨРАҒА. Наверное, Актоты Рахметоллаевна, это уже следующая стадия взаимоотношений между зрителями и исполнителями. К полному запрету тоже, наверное, нужно идти, но как первый шаг найдено такое компромиссное решение.

Конечно, сегодня в условиях, в которых мы живем, сама тема концертов, да и в целом культурно-массовых мероприятий отошла на второй план. Но мы с вами работаем над законами, которые пишутся не на один день. Когда-нибудь это все закончится и к радости людей, которые любят шоу, большие праздники, мы вернемся к замечательным концертам, полным залам, прекрасным произведениям, но сейчас уже должна закладываться законодательная база для таких мероприятий.

Я думаю, что в XXI веке, когда в нашем обществе очень много людей, разбирающихся в вопросах культуры, когда они приходят в зал на концерт, должны видеть в том числе и уважительное отношение самих артистов к своим зрителям. Сондықтан осы норма енгізілген дұрыс деп ойлаймын. Я думаю, что надо поддержать такое взвешенное решение.

Сөз депутат Сапарова Әлия Сүйіндікқызына беріледі.

САПАРОВА Ә.С. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Ақтоты Рақметоллақызы! «Мәдениет туралы» Заңның 19-1-бабы салалық көркемдік кеңестердің қызметін реттейді. Олар өз кезегінде мәдениет пен өнердің жоғары көркемдік туындыларын жасау мақсатында мемлекеттік мәдениет ұйымдарының қызметін үйлестіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді.

Заң жобасымен осы бап музей-кітапхана, театр-цирк өнері музыкалық-концерт қызметі бойынша өңірлік көркемдік кеңестер құру жөнінде нормамен

толықтырылады. Олардың негізгі функциясы өңірлік театрлардың, кітапханалардың, музейлердің, концерттік ұйымдардың қызметін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады. Менің сұрағым дәл осыған байланысты.

Ақтоты Рақметоллақызы, жалпы, бұндай тәсіл мәдениет саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясаттың болмауына әкелмей ме және әр өңірдің өз саясаты бола ма? Осыған тоқталсаңыз.

РАЙЫМҚҰЛОВА А.Р. Сұрағыңызға үлкен рақмет.

Өзіңіз айтқандай, қолданыстағы «Мәдениет туралы» Заңның бабында 2015 жылы республикалық салалық көркемдік кеңестердің қызметін айқындадық. Осы көзделген норма бойынша республикалық көркемдік кеңестер бүгінгі күнде өте оңды, жақсы нәтижесін беріп жатыр. Сонымен қатар республика бойынша 8 мыңға жуық бізде жергілікті өңірдегі мәдени ошақтар бар. Бұл ұйымдардың, мысалы, әртүрлі мәселелері болады. Олардың репертуарларын қарастыру керек. Бұл мәселелерді республикалық деңгейге шығару керек. Олар, мысалы, республикалық деңгейде емес, яғни, ауқымды сипатта бола бермейді. Сондықтан жергілікті мәдениет ұйымдарының жұмыстарын оңтайландыру мақсатымен және олардың, мысалы, өңірлік сипаттағы бірқатар мәселелерді жергілікті жерлерде қарастыру қажеттігін ойластырып, жергілікті мәдениет ұйымдарына қатысты мәселелер бойынша ұсыныстарды республикалық деңгейге шығару үшін және республикалық көркемдік салалық кеңестерде шешімдерді өңірлерде жүргізу үшін осы өңірлердегі салалық көркемдік кеңестерді жасауды ұсындық. Бұл, әрине, өзіңіз айтқандай, біздің мемлекеттік мәдениет саясатын ешқашан өңірлерге бөліп тастамайды. Жалпы, біздің республикалық бірліктік мәдени саясатты республикалық көркемдік салалық кеңестер арқылы және жергілікті салалық кеңестер арқылы біздің мәдениет саласы бойынша саясатымызды бірліктікке алып келеді деп ойлаймыз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Шишигина Ольга Васильевнаға беріледі.

ШИШИГИНА О.В. Спасибо.

Законопроектом предусматривается предоставление права оказания платных услуг государственным музеям, музеям-заповедникам, библиотекам по деятельности, не относящейся к их основной деятельности.

Скажите, пожалуйста, с чем связано введение такой нормы и какие виды деятельности, не входящие в основную деятельность, будут оказывать названные государственные учреждения на платной основе?

РАЙЫМҚҰЛОВА А.Р. Спасибо за вопросы.

Действительно, в действующем Законе «О культуре» в свое время было введено такое право организаций, которые были созданы в юридической форме некоммерческих учреждений для выполнения перечня платных услуг. В это время, когда наши музеи и библиотеки были организованы в формате государственных учреждений, они не имели права оказывать платные услуги. Данный перечень был введен через нормы законопроекта.

Сегодня большинство организаций, в том числе музеи, организованы в форме государственных предприятий. Вышеназванная норма сейчас мешает нашим организациям (государственным предприятиям) оказывать платные услуги. Платные услуги, которые не относятся к основной деятельности, – это копирование, реставрирование, хранение музейных редкостей и так далее.

Сегодня этой нормой мы разрешаем государственным предприятиям, которые уже работают в рамках Закона «О государственном имуществе», оказывать платные услуги, не входящие в их основную деятельность.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Қаратаев Фахриддин Әбдінабиұлына беріледі.

ҚАРАТАЕВ Ф.Ә. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Ақтоты Рақметоллақызы! Мәдениет және өнер саласындағы шығармашылық одақтарды, шығармашылық қызметкерлерді жас таланттар мен дарындарды қолдау және ілгерілету мақсатында заң жобасын 17-1-бабымен бюджеттен тыс қаражаттан қаржыландырылатын шығармашылық бастамаларды қолдау үшін қорлар құрылады. Сонымен қатар заң жобасында аталған қорларға түсетін қаражатты бөлудің нақты тетігі белгіленбеген.

Бұл қорлардың кім құратынын түсіндіріңізші. Бұл қаражатты пайдалану бағыттары, оларды бөлу тетігі қандай болады және олардың мақсатты және тиімді пайдалануын бақылауды кім жүзеге асырады? Рақмет.

РАЙЫМҚҰЛОВА А.Р. Сұрағыңызға үлкен рақмет.

Шынында да, шығармашылық бастамаларға біздің қоғамымызда өте ерекше көңіл бөлінеді. Және Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мырзаның тапсырмасы бойынша осы шығармашылық бастамаларды қолдау қорын құру туралы норманы біз мына заңнамада ұсынып отырмыз. Жалпы, осы норма бойынша шығармашылық орта мен бизнес орталықтың арасындағы серіктестікті байланыстыру және осы шығармашылық одақтарды, жас таланттарды, шығармашылық бастамаларды бизнес арқылы, меценаттар арқылы қолдау қарастырылады. Бұл қорлар мемлекеттік мекемелердің жанынан ашылады және кеңесшілер кеңесі құрылады. Осы кеңесшілер кеңесінің құрамында өздеріңіз білетін құқықты және білікті азаматтар кіреді. Бұл қамқоршылар кеңесінің отырыстарында түскен қаржының бөлінуі және оны қалай жүзеге асырылатынына мониторинг жасауға олардың құқықтары болады. Осы қамқоршылық кеңестердің арқасында осы бірегейлік және мәдениет саясатының нормалары қарастырылады.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Бижанова Гүлнар Қадіржанқызына беріледі.

БИЖАНОВА Г.Қ. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемая Актоты Рахметоллаевна! Законопроектом вносится дополнение в части наделения компетенцией министерства по утверждению преysкурантов на реализуемые товары, работы и услуги, оказываемые государственными архивами. Дополнение вносится в Закон «О Национальном архивном фонде и архивах».

В 2018 году при обсуждении внесения изменений и дополнений в законодательство по вопросам архивного дела предыдущий руководитель ведомства заверял, что все справки, касающиеся подтверждения трудового стажа, размера заработной платы, будут выдаваться бесплатно.

Поэтому у меня следующие вопросы:

1. Сохранится ли принцип бесплатности по этим сведениям?
2. Исходя из каких ставок, тарифов будет формироваться прејскурант цен на услуги, оказываемые государственными архивами? Будут ли предусмотрены при этом какие-либо льготы для отдельных категорий граждан? Спасибо.

РАЙЫМҚҰЛОВА А.Р. Большое спасибо за вопросы.

Я, наверное, начну с вопроса о том, остаются ли бесплатными определенные услуги. Хотела бы сказать, что все услуги, которые Вы назвали (справки, копии архивных документов или архивных выписок, касающиеся жизнедеятельности наших граждан, запросы из-за рубежа или из государственных архивов), будут предоставляться бесплатно. Этот принцип бесплатности остается и для лиц, имеющих определенные льготы.

В то же время в нашем законопроекте указано одиннадцать услуг, которые будут реализовываться только на платной основе. Допустим, это апостилирование, регламентирование, предоставление ячеек для хранения архивных документов, проведение семинаров, продажа пособий и материалов, которые будут издаваться в рамках архивной деятельности.

Вы абсолютно правы, сейчас вносится норма, согласно которой министерством будет устанавливаться методология составления прејскуранта цен, причем цены будут утверждаться министерством во всех регионах. Эти цены не могут быть одинаковыми. Мы будем обязательно в соответствии с методологией учитывать положение регионов (дотационный это регион или достаточно богатый), стоимость коммунальных услуг, в общем все, что сюда входит. Методология цен будет разработана министерством, разработка и утверждение цен будут осуществляться министерством, после чего предоставляться в регионы.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Сұлтанов Қуаныш Сұлтанұлына беріледі.

СҰЛТАНОВ Қ.С. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Ақтоты Рахметоллақызы! Мен Сізді министр ретінде, маман ретінде қолдаймын. Және бүгінгі енгізіп отырған барлық өзгерістеріңізді де қолдаймын. Осыған қосымша мәдениеттің бет-әлпетін көрсететін, мәдениеттің деңгейін көрсететін бізде ұлттық критерийлер бар. Сол критерийлердің біреуі, мысалы, Шәмші Қалдаяқов. Жай композитор болғаны үшін емес, ұлттық Гимнімізді ол кісі жазғаннан кейін 50 жылдан кейін біз қабылдадық. Күн сайын әрбір азамат осыны жүрегінде сақтап, айтып, насихаттап, осы ұлттық ұранмен өмір сүруі керек. Ұлттық Туымыз да сондай. Ал енді Шәмші Қалдаяқовтың шығармасы – ұлттық Гимні қандай тиражбен шығады, қандай дискілермен шығады, оның таралымы қалай, мектептерден басқа жерде неге осы ән айтылмайды? Әрине, Гимнді жас балалардан бастап

үйретуіміз керек. Бірақ бүкіл халық, әрбірден кейін ересек адамдардың барлығы салтанатты жиналыс ашылғанда фонограмманы қосып қойып, қолымызды көтерер-көтерместен, кейде қолымызды қарынның үстіне қойып тұратын кездеріміз де бар. Осының бәрі неден? Біздің бюрократтық мінезімізден. Осының себептерін қысқаша айтып берсеңіз. Бұл бір.

Екінші. «Астана Опера» театрының деңгейі өте жоғары, профессионалдық ұжым. Сол жердегі сіздердің әрбір әншілеріңіздің тағдыры ерекше қамқорлықта болу керек. Мысалы, қазір «Астана Операның» спектакльдеріне көрермендердің келу пайызы қандай, салтанатты жиналыстарды, салтанатты мейрамдарды айтпағанда, карантинге дейінгі? Жай күнделікті спектакльдерге қанша пайызға зал толтырылады? Соны айтыңызшы.

«Қазақфильмнің» соңғы кездегі өзіңіз барған жағдай, өртенгеннен кейінгі жағдайы бүкіл баспасөзде айтылмаған сөз қалмады. Қанша ақша кетті, қанша қаржы жұмсалды. Біз бюджеттен бөлген қаражаттың барлығы егер рас болса, сонда соның бақылауы кімде? Біздің ұлтымыздың келбетін көрсететін «Астана Опера», Шәмші Қалдаяқов, «Қазақфильм», міне осылардың жағдайын қысқаша айтыңызшы. Рақмет.

РАЙЫМҚҰЛОВА А.Р. Сұрағыңызға үлкен рақмет, Қуаныш Сұлтанұлы.

Дұрыс айтасыз, біздің қасиетті, киелі нәрселеріміз ол біздің рәміздеріміз. Бұл заң бойынша, құқық бойынша расталған.

Биыл Шәмші Қалдаяқовтың 90 жылдығын тойлап отырмыз. Біз біраз шараларды өткіздік. Әрине, пандемияға байланысты бұқаралық ретте өткізе алмадық. Бірақ өзінің туған жерінде музей аштық. Сондай шараларды онлайн режимде өткізіп жатырмыз.

СҰЛТАНОВ Қ.С. Ондай шараларды өткізесіз, концерттер өтіп жатыр, бірақ ол жеткіліксіз. Шығармаларын, дискілерін, Гимнді жаппай тарату мәселелерін жүргізуіміз керек. Насихат деп жаңа өзіңіз көп нәрсені айтып жатырсыз. Біз барлығын Сізге артып қойып отырған жоқпыз, бірақ Мәдениет және спорт министрлігі осы жолда өзінің жолын қалай тауып отыр, қалай жасап отыр? Адамның ұжданын көтеру мақсатында Шәмші Қалдаяқовты дұрыс пайдаланып отырсыз ба, жоқ, әлде Сіздің шенеуніктеріңіз шешіп отыр ма барлық жағдайды? Біз Дархан Мыңбай екеуіміз сіздерге хат жазып едік, соған бюрократтық түсіндірме жауап келгеннен кейін мен осы сұрақты қойып отырмын. Рақмет.

РАЙЫМҚҰЛОВА А.Р. Жалпы, мемлекеттік рәміз болғандықтан, біздің Гимніміз болғандықтан оны насихаттау рәміздер туралы заң бойынша жұмыс жасалады. Өздеріңіз көріп жүрсіздер, балабақшадан бастап мектептерде, жоғары оқу орындарында Гимнді насихаттауға, орындауға әртүрлі жобалар және тапсырмалар барып жатыр және оны балабақшадан бастап айтып жатыр.

Біздің 33-ші бағдарламамыз бойынша Шәмші ағамыздың әндері жинақталған жинақтарды шығарып жатырмыз. Жалпы, Шәмші ағамыздың әндерін бүкіл халық жақсы көреді. Осы жақында ғана өткен үлкен чөлөңжде Америкадан, Франциядан біздің азаматтарымыз осы Гимнді айтты. Осы

челенджге қатысқан адамдармен бірге біз ол Гимнді орындаймыз. Әрине, бұл жұмысты әрі қарай да жалғастыру, жандандыру керек.

«Астана Опера» театрының әр әншісі, өзіңіз айтқандай, біздің мемлекетіміздің үлкен бір құндылығы және әрбір қойылымы бүгінде біздің елімізде ғана емес, жалпы, музыкалық әлемде үлкен бір оқиға болып келеді. Бұл театрдың әр қойылымына билет 100 пайыз сатылып кетеді, тіпті келген қонақтарды апаруға билет болмай қалады. Сондықтан бүгінгі күнде «Астана Опера» қойылымдарының бәріне дерлік билет 100 пайыз сатылып кетеді. Бұл театрдағы қойылымның билет құны 500 теңгеден басталады, алдыңғы қатардағы орындарға құны көтеріледі. Қаржылық мүмкіншілігі аз азаматтар да бұл қойылымдарға келе алады. Азаматтардың билеттерді электрондық түрде де алуға мүмкіншіліктері бар.

«Қазақфильм» бойынша. «Қазақфильм» бұл біздің брендіміз. 2019 жылы Үкімет басшысының шешімімен «Қазақфильм» акционерлік қоғамы жекешелендіруден алынды. «Қазақфильмде» болған келеңсіз жағдайлар қазір шешіліп жатыр. Қазір басына жас болса да менеджерлік таланты бар жігіт Ақан Сатаев келіп отыр. Мемлекеттік басшысының қолдауымен осы «Қазақфильмді» модернизациялаудың Жол картасы жасалып, келесі жылдан бастап сол жұмысқа кірісеміз.

Сонымен қатар өздеріңіз қабылдаған кинематография туралы заң бойынша орталық құрылған. Осы орталықтың сарапшылық және ведомствоаралық комиссияның отырыстарының нәтижесінде осы фильмдердің, соның «Қазақфильм» фильмдерінің сапасын көтеруге қазір үлкен жұмыс жасап жатырмыз. Фильмдердің, соның ішінде «Қазақфильм» шығарған фильмдердің сапасын және оның көрермендерге қолжетімділігін арттыруға қарқынды жұмыс істеп жатырмыз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті депутаттар, сұрақтарымыз аяқталды.

Ақтоты Рақметоллақызы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті депутаттар, қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі депутат Тілеухан Бекболат Қанайұлына беріледі.

ТІЛЕУХАН Б.Қ. Рақмет, қадірлі Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Аталмыш заң жобасы 2019 жылғы 30 желтоқсанда Парламент Мәжілісінің қарауына енгізілген болатын.

Заң жобасы кітапхана ісі, мәдениет ұйымдарының қызметі, шығармашылық одақтар мен баспа ісі аясындағы мәдениет саласын дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында әзірленген.

Жалпы, заң жобасының негізгі жаңалықтарын министр ханым Ақтоты Рақметоллақызы өз баяндамасында жан-жақты айтып өтті.

Заң жобасымен жұмыс істеу барысында депутаттар бірқатар түзетулер енгізді.

Қоғамдық маңызы бар әдебиетті сатып алу және басып шығару тетігі нақтыланды. Депутаттар қоғамдық маңызы бар әдебиетті басып шығаруға

өтінімдерді алдын ала іріктеу жөніндегі құзыретті Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік кітап палатасына бекітуді ұсынады. Бұдан әрі сараптама және ведомствоаралық комиссия деңгейінде екі кезеңді іріктеуді жүзеге асырады. Бұл қоғамдық маңызы бар әдебиеттерді кейіннен басып шығару мен мемлекеттік кітапханаларға жіберу үшін іріктеу кезеңдерінің ашықтығын арттырады.

Көбіне «культурно-массовое мероприятие» дейді, бірақ одан сәл бөлектеу «развлекательное культурно-массовое мероприятие» деген бар, яғни «ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шара». Осы оқылымдардың аражігін ажыратып бердік. Яғни, құқық қолдану практикасында әртүрлі оқылымдарды болдырмау мақсатында «мәдени бұқаралық іс-шара» және «ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шара» ұғымдарының аражігі ажыратылды. Бұл да бір жақсы жаңалық деп ойлаймыз.

Бекзат қауымның, өнер жанашырларының, өнер бағалаушы қауымның көкейінде көптен бері жүргені – фонограмма мәселесі. Ол жөнінде де жақсы айтылды.

Енді осы норма өнердегі жабы мен тұлпарды, құзғын мен сұңқарды айырып беретін жақсы норма болатын шығар деп отырмыз. Бірақ енді біраз адамдарға қиыншылықтар туатын болады. Бірақ қалай дегенмен де жалпы өнердің дамуы үшін ауадай қажет нәрсе деп білгендіктен біз осы нормаға тоқталдық.

Бір қызығы, тура осындай нәрсе бізбен қатарлас тұрған елдердің біразында қабылданған жоқ.

Сонымен қатар депутаттар редакциялық сипатта түзетулер және нормаларды Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің нормаларына, заң техникасына сәйкес келтіруге бағытталған түзетулер енгізді, бұл заң жобасы мазмұнының сапасын жақсарта түсті.

Заң жобасында Қазақстан Республикасының үш заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді.

Жұмыс тобының жеті отырысы өткізілді.

Салыстырма кесте қабылданған 50 позициядан тұрады. Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері осы заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Осы айтылғандарды ескере отырып, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасын мақұлдауды және оны Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қарауына жіберуді ұсынамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бекболат Қанайұлы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Мұсырман Кәрібай Иманжанұлына беріледі.

МҰСЫРМАН К.И. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Қоғамда кейінгі кезде Жазушылар одағы сияқты шығармашылық одақтардың бұрынғы беделі түсіп, белсенділігі кеміп кеткендігі жайлы сыни пікірлер айтылып жүр. Олардың жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап шыға келген неше түрлі қоғамдық бірлестіктермен теңестіріліп, мемлекеттің қамқорлығынан қағыс қалдырылғаны да рас. Осыған орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өткен жылы Үкіметке шығармашылық одақтарды қолдаудың жүйелі шараларын қабылдау туралы тапсырмалар берген болатын.

Бүгін талқыланып отырған заң жобасы Президент берген тапсырмаларды және мәдениет саласының басқа да өзекті мәселелерін шешу үшін заңдық негіз жасауға бағытталғандығымен құнды.

Мәселен, «Мәдениет туралы» Заңға «Мәдениет пен өнер саласындағы шығармашылық одақтарды, шығармашылық қызметкерлерді, жас таланттар мен дарындарды қолдау және ілгерілету мақсатында шығармашылық бастамаларды қолдауға арналған қорлар құрылуы мүмкін» деген жаңа бап қосылып отыр.

Бұдан бөлек заң жобасында ақын-жазушылардың орынды талап-тілектеріне сәйкес авторлық құқықты сатып алу мерзімін белгілеу, қаламақы төлеу, іріктеліп алынатын қоғамдық әдебиеттің әрбір түрі бойынша өлшемшарттарды анықтау мәселелері қарастырылған.

«Nur Otan» партиясы фракциясының депутаттары кезінде «Қазақфильм» киностудиясын жекешелендіруге наразылық білдіріп, Үкіметке депутаттық сауал жолдаған болатын. Осы өзекті мәселе заң жобасында оң шешімін тауып, «Мәдениет туралы» Заңның 21-бабының 3-тармағы «Мемлекеттік мәдениет ұйымдары және мемлекет жүз пайыз қатысатын мәдениет ұйымдары иеліктен шығаруға жатпайды» деген жаңа редакцияда жазылған.

Қоғамымызда әншілердің концерттерде және басқа мәдени-бұқаралық іс-шараларда фонограммаларды жиі қолданатындығы сынға алынып жүргендігі мәлім. Осыған орай «Мәдениет туралы» Заңға ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізу кезінде оларды ұйымдастырушылардың музыкалық туындыларды орындаушылардың фонограмманы қолдануы туралы көрермендерді міндетті түрде хабардар етуі жөнінде өзгеріс енгізіліп отыр. Бұған қоса кейбір сахнаға шыққан әртістердің әдепсіз мінез-құлық көрсетуін болдырмауға бағытталған түзету де қарастырылған.

Тұтастай алғанда, осы заң жобасын қабылдау мәдениет пен өнер саласында соны шығармашылық серпіліс туғызады деп сенеміз.

Заң жобасын қолдауды ұсынамын. Назар аударғандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Мыңбай Дархан Қамзабекұлына беріледі.

МЫҢБАЙ Д.Қ. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Рухани жаңғыру бағдарында сабақтастыққа ерекше мән берген ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында жаңа болмысты қалыптастыру, ұлт



сапасын арттыру ісіне зиялы қауымның айрықша көңіл бөлу қажеттігін атап көрсетті.

Әр кезең қоғам алдына жаңа міндет пен талап қояды.

Мәдениет саласына да жаңа технологияларды – онлайн әдісін, ғаламдық әлеуметтік желілерді, веб-сайттар мен видеохостингтерді пайдалану кеңінен еніп жатыр. Бүгінгі қаралып отырған заңның жобасы жаңа міндеттерді жүзеге асыруға қажетті нормаларды көздейді. Соның ішінде мәдениет ұйымдарының қызметін, шығармашылық одақтар мен баспа ісін дамытуға тиімді жағдай туғызары сөзсіз. Мысалы, қоғамдық маңызы бар әдебиетті сатып алу, басып шығару үшін оларды іріктеу сатыларының ашықтығын қамтамасыз ету көптен бері айтылып келе жатқан еді. Заң жобасында мұндай құзырет Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы мен уәкілетті орган арнайы құратын көркемдік кеңеске жүктеліп отыр. Бұл тиісінше сапалы, мазмұнды кітаптардың жарық көруіне, елімізде кітап оқу мәдениетінің қайта жандануына қолайлы жағдай туғызады.

Кезінде ең көп оқитын ел, республика қатарында жақсы көрсеткішке жеткенімізді бүгінгі ұрпақ біле бермейді. Бірақ қазір өткенмен ғана көңіл тоғайтатын заман емес. Сондықтан бүгінгінің сұранымын ескеріп, заң жобасында елдегі бүкіл кітапхана желісін цифрлық форматта біріктірудің мүмкіндіктері мен тетіктерін көрсетілгенін де атап өткіміз келеді.

Бірыңғай ұйымдасқан технологиялық жүйе ретінде Қазақстан ұлттық электрондық кітапханасын қалыптастыру тәртібі қарастырылуы өзекті әрі маңызды қадам. Сондай-ақ басылымның міндетті тегін даналарын дәстүрлі және электрондық нұсқада Ұлттық мемлекеттік кітап палатасына жіберу нормасын сақтау тапсырыс беруші мен соңғы құқықты иеленуші арасында жасалатын келісім, авторлық құқық тәртібі бойынша жобаға өзара ерікті қатысушы ретінде цифрлық мәліметтердің үшінші тарапқа берілуіне тыйым салуды қамтамасыз етеді.

Қалың жұрттың көптен көкейінде жүрген әр саладағы көркемдік кеңестер енді заң жүзінде жұмыс істейтін болады. Тиісті министрлік жанынан ғана емес, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары театр-цирк өнері, музыкалық концерт қызметі, музей ісі және археология, бейнелеу өнері, сәулет және дизайн, әдебиет және кітап басып шығару жөніндегі өңірлік көркемдік кеңестерді құрады.

Дегенмен Мәдениет және спорт министрлігі өңірлік көркемдік кеңестер туралы қосымша заңға актілерінде мәдениет пен өнер саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізудің басты қағидаларын тура бағыттан жаңылдырмас темірқазықтай айқындап берсе, нұр үстіне нұр болар еді. Өйткені бұл тек қана мәдениет саласындағы мемлекеттік бірыңғай саясатты жетілдіруге ғана емес, идеологиямыздың ұстыны – жалпыұлттық бірлігіміз бен татулығымызды бекем етуге септігін тигізері сөзсіз. Мысалы, театр қойылымдары тақырыбында, өңірлерде, жер-жерде тұрғызылатын монументтер мен ескерткіштердің аты мен затында, ономастика ісінде, тіпті

ұлттың даңқты перзенттері мерейтойын атап өтуде жершілдікке бой алдырған жекелеген фактілер ұшырасатыны жасырын емес. Мәселен, Бейімбет Майлинді тек қана Қостанай облысында, болмаса Мұқағалиді тек Алматы облысында, әйтпесе Құрманғазыны тек Атырау облысында атап өткен дұрыс емес деп ойлаймыз. Ондай «табанының астынан аспайтын» жалған патриотизмді отансүйер сезімімізбен, мемлекетшіл санамызбен, азаматтық түйсігімізбен жеңуіміз қажет. Қалайда баршамызды біріктіретін бір ел, бір мүдде, бір мақсат халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыратынын ескеруге тиіспіз.

Барлығымызға ортақ болатын бір заңның мақсаты да осы. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Тасболатов Абай Бөлекбайұлына беріледі.

ТАСБОЛАТОВ А.Б. Нұрлан Зайроллаұлы, менде Ақтоты Рахметоллақызына ұсыныс.

Бүгінгі күні мың күй бар дейміз. Өнердің атасы – күй. «Шалқар» бағдарламасында және «Қазақстан» радиосынан күйді естейсің, бірақ оның аты да аталмайды. Жарайды, оны кәсіби музыканттар біледі, ал енді қарапайым халықтың бәрі біле бермейді. Патриоттық сезім сонда жатыр. Кімнің күйі, күйдің шыққан тарихын бір минут болса да айтып кетсе деймін. Сол арналардың бастықтарына мен бірнеше рет айтып едім, бірақ ол әлі күнге дейін орындалмай жүр. Бұл бір.

Екінші. Дәстүрлі әндерді жастар айтады. Радиода да болсын, теледидарда болсын, сахнада да болсын дәстүрлі әндерді орындағанда соңына қарай өз жандарынан қосып бүлдіріп жүр. Оған да шара қолдану керек деп ойлаймын. Ақтоты Рахметоллақызы, осындай менің ұсынысым бар.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті депутаттар, басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Басқа ұсыныстарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Енді осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.



*Дүррис! Құжаттамалармен қамтамасыз ету бойынша сектор меңгерушісі,  
Майя Н. Шайбергалиева.*